

ОҚУ МЕН ОҚЫТУДАҒЫ ИННОВАЦИЯЛАР: ТИІМДІ ТӘЖІРИБЕЛЕР МЕН ТӘСІЛДЕР

облыстық ғылыми-практикалық конференциясының
МАТЕРИАЛДАР ЖИНАҒЫ
(21.11.2024 ж.)

ИННОВАЦИИ В ОБУЧЕНИИ И ПРЕПОДАВАНИИ: ЭФФЕКТИВНЫЕ ПРАКТИКИ И ПОДХОДЫ

СБОРНИК МАТЕРИАЛОВ
областной научно-практической конференции
(21.11.2024 г.)

ҚАЗАҚ ӘДЕБИЕТІ САБАҚТАРЫНДА ДЕБАТ ӘДІСІН ҚОЛДАНУДЫҢ ЕРЕКШЕЛІГІ

Шадетхан Акерке

Тайынша ауданы, «Мәдениет негізгі мектебі» КММ

АНДАТПА

Мақалада қазақ әдебиет сабақтарында білім алушылардың сыни ойлау дағдысын дамыту үшін қолданылған «Дебат» әдісінің мазмұны ашылады. Мақаланың мақсаты сыни ойлау дағдысын дамытуда көрсетілген әдістің маңыздылығы мен тиімділігін айшықтау. Мақалада сыни ойлауды дамыту үшін көтерілген мәселеге ой қозғауда қаншалықты маңызды екені ескеріледі. Жұмыс барысында іс-әрекеттер тізімі мен нәтижесі егжей-тегжейлі көрініс табады.

КІЛТ СӨЗДЕР: Сыни ойлау, дағды, дебат әдісі, «Аққулар ұйықтағанда» поэмасы, ойын форматы.

Білім беру бағдарламасына сәйкес қазақ әдебиеті пәнінде оқыту әдістемесінде тыңдалым, айтылым, оқылым, жазылымдардан тұратын төрт тілдік дағдыны дамытумен қатар, қазақ тілінде жазылған көркем шығармаларды меңгертуді мақсат етеді. Бұл тұстағы басты мәселе оқушылардың сөздік қорының аздығы, өз ойын еркін жеткізе алмауы, сенімсіз дәлелдер, төтесінен қойылған сұраққа төселіп қалуы секілді сезімдердің орын алуы әсер етеді. Осы тұста қазақ әдебиеті сабағында оқушыларының академиялық сөздік қорын және өз көзқарасын сенімді аргументтермен дәлелдей алу дағдыларын дамыту қажеттілігі туындады.

«Пікірсайыс- көшбасшы жастарды тәрбиелейтін ең мықты құрал, білімге жетелейтін алтын баспалдақ десек те болады» екендігін Оқу-ағарту министрі Бейсембаев Ғ.Б сөзінде айтып өткендей, қазіргі уақытта жан-жақты даму үшін тек білім қоры жеткіліксіз. Әр адам жинаған білімі мен білігін дұрыс пайдалануы маңызды. Жалпы дебат ойыны оқушының бойындағы сенімділік қасиетін жақсы дамытады. Оған дәлел өзін төмендегідей:

- біріншіден, көпшілік алдында өзін еркін ұстауға;
- екіншіден, көтерілген мәселені жан-жақты саралауға;
- үшіншіден, өмірбен байланыстыра отырып жеткізуге дағдыланады.[1]

Бүгінде білім беру саласында сан – алуан педагогикалық технологиялар қолданылып жүр: ақпараттық технология, сын тұрғысынан ойлау технологиясы, модульдік технология, кредиттік жүйе, дамыта оқыту, деңгейлеп оқыту технологиясы, т.б. осындай әдіс – тәсілдердің тағы бір тиімді де жан – жақты ізденуге мүмкіндік беретін түрі — дебат технологиясы.

Ал, дебат технологиясы – осы мақсатқа жетудегі ең маңызды да қажетті жолдардың бірі. «Дебат» (Debate) немесе пікірталас әртүрлі контексте орай сыни тұрғыдан ойлау немесе іскер ойын ретінде ұғынылады. Пікірсайыс – дидактикалық ізденістің маңызды саласы. Дебат бағдарламасы тыңдармандарды пікірталас үрдісіне тарту арқылы интеллектің даму технологиясын ұсынады. Пікірталасқа түсушілердің мақсаты, әдетте, даулы проблемалар бойынша қандай да бір позицияны қорғап, өзге позицияны теріске шығаруды көздейді.

Пікірсайыстың әзірге үш-төрт үлгісі бар.[2]

Олар:

- мектеп оқушыларына арналған Карл Поппер дебатының бағдарламасы;
- студенттерге арналған Американ Парламенттік формат (АПФ) және Британ
- Парламенттік формат (БПФ) дебат ойнатылады; Линкольн және Дуглас (ЛД) пікір сайысы.

Сабақтарда пікірсайыс әдістемесін түрлендіре пайдалану оқушыларды ізденуге, сөйлеу дағдыларын жетілдіруге көмектеседі.

- ✓ өзіндік ой-пікірін жүйелі, дәйекті айта білуге, мәдениетті сөйлеуге баулиды;

- ✓ шығармашылық қабілеті шыңдалады, шұғыл шешім қабылдай білуге үйренеді;
- ✓ кітапханамен байланысы нығаяды;
- ✓ оқушылар сөйлеу мәдениетіне қойылатын талаптарға мән бере отырып, шешен сөйлеуге, шешендік өнерді үйренуге машықтанады.

«Мұғалім көп әдісті білуге тырысуы керек. Оны өзіне сүйеніш, қолғабыс нәрсе есебінде қолдануы керек» - деп ұлы ұстаз Ахмет Байтұрсынов айтқандай қазіргі заман талабына сай білім беру, сол қоғам мүддесіне сай болуы керек. Өзісінің шебері ғана жоғары жетістіктерге жетеді. Мен осы ақын әрі ұстаз Ахмет Байтұрсынұлының айтқан сөзіне негізге ала отырып, қазақ тілі мен әдебиет сабағында дебат әдісі арқылы оқушылардың сөздік қоры мен ойлау дағдыларын дамыту бойынша жұмыс жасап келемін. Заман талабына сай әр мұғалім өз іс-әрекетіне қажетті өзгерістерге сай әртүрлі тәжірибелер жөніндегі мәліметтерде жаңа әдіс-тәсілдерді дер кезінде қабылдап, дұрыс пайдалана білуі керек. Сонымен қатар, мектептегі оқу-тәрбие жүйесі, мұғалім - оқушы арасында қарым-қатынас, жалпы оқытуды ұйымдастыру талапқа сай елеулі өзгерістерді қажет етіп отыр. Сондықтан келесі ұрпаққа қоғам талабына сай тәрбие мен білім беруде мұғалімдердің инновациялық іс-әрекетінің ғылыми - педагогикалық негіздерін меңгеруі маңызды мәселелердің бірі болып табылады.[3]

Жоғарыда аталған дебат ойындағы форматтарды қазақ әдебиеті сабағында қалай қолданамыз деген сұрақ көбінде туындауы мүмкін. Енді дебат ойынның форматтарын қазақ әдебиеті сабағында қалай тиімді пайдалануға болатынын жеке-жеке түсіндіріп кетсем.

- біріншіден сіздің оқушыңыз дебат ойындарының ережесін мүлдем бейхабар болуы мүмкін,
- екіншіден көтерілген мәселеде өз ойын еркін жеткізуде қиындықтар туындауы мүмкін,
- үшіншіден оқушыңыздың жүйелі жеткізе алатын ойы бар бірақта көпшілік алдында сөйлеуге келгенде тосылып қалуы мүмкін, төршіден көтерілген мәселені жеткізуде шашыраңқы ойда сөйлеуі мүмкін, бірақта өмірмен байланыстырып немесе қосымша ақпарат көздерінен пайдаланбауы мүмкін т.б.

Дәл осындай қиындықтарды жеңіп шығудың бірден бір жол «Дебат» әдісі. Жалпы сіз біріншіден оқушыларға дебат ойындарымен қызықтыруыңыз керек. Ол қалай жүзеге асады?. Ол үшін «Дебат» арқылы жетістікке жеткен тұлғаларды мысалға келтіруге болады немесе дебат ойыны арқылы еліміздің ЖОО білім беру грантына турнир ұйымдастыратынын сол турнирде грант берілетін оқушыларға түсіндіру керек. Ал енді сондай жетістікке жету үшін дебат ойынын күнделікті сабақта қолдана бастау керек. Жалпы мендегі Ж есімді оқушым сабақта дебат ойындарының қызығушылығының арқасында қазіргі таңда еліміздегі белгілі оқу орындарының бірі Жанайдар Мусин атындағы жоғары қазақ педагогикалық колледжінің студенті әрі колледжде дебат клубының мүшесі. Бұл оқушының бұрын дебат ойындарында келмей тұрған кезде көпшілік алдында сөйлеуде тосылып қалатын. Қазақ әдебиеті сабағынан көркем шығармаларды талдау жұмысында ашық сұрақтарға толыққанды жауап бере алмайтын, өз ойын еркін жеткізуге қиындықтар туындайтын. Бүгінгі таңда дебатқа деген қызығушылығының арқасында белгілі клуб мүшесі ретінде қалалық пікір сайыстарға қатысып, жүлделі орын алып жүр. Осы жетістіктің артында дебат ойыны екенін мақтанышпен айтып жүреді.

Ал енді осы дебат әдісін сабаққа кіріктіріп өткізу үшін мысалы ретінде 8-сыныптағы қазақ әдебиет сабағында М.Мақатаевтың «Аққулар ұйықтағанда» поэмасында қолдануға болады. Бұл тұста баланың санына қарай топтастыруға болады. Жалпы елімізде ШЖМ бала саны өте аз болғандықтан, бұл әдісті қолдану өте тиімді. Себебі бұл әдісте сабақ өткізу бала санының аздығын талап етеді. Егерде қала мектептерінде бала саны көп болғандықтан бұл әдісті қолдану өте тиімсіз болып табылады. Егерде бала саны 4 оқушыға жетпесе Линкольн және Дуглас (ЛД) форматында өткізуге болады. Ал бала саны 8 оқушыға толмаса Американ

Парламенттік формат (АПФ), егерде бала саны 10-нан жоғары болса Британ Парламенттік формат (БПФ) ойын өткізуге болады. Енді қазақ әдебиеті сабағындағы «Аққулар ұйықтағанда» дебатты қалай ұйымдастырамыз. Ол үшін жоғарыда көрсетілгендей оқушы санын анықтап алып, бір форматты белгілейміз. Сіз форматты анықтағаннан кейін оқушыларға жалпы талқылайтын резалюция (тақырып) бересіз. Сіздің берілетін резалюцияңыз қандай болу мүмкін. Ол ашық сұрақтан құралған және де екі тарапта талқылауға мүмкіндік беру керек. Мысалы: Бұл палата «Аққулар ұйықтағанда» поэмасындағы ананың аққуды атуын дұрыс деп есептейді деген резалюция беріледі. Енді оқушыларға өз топтарымен біреуі үкімет яғни ананың іс-әрекетін дұрысқа баласа, оппозиция яғни қарсылас тарапы ананың іс-әрекетінмен келіспейтінін, аққуды ату үлкен қателік екендігін «Аққуды ату - күнә»- деген сөзді негізге ала отырып, өздерінің қарсылықтарын білдіреді. Яғни оқушылар өз ойларын ортаға салады, пірікталас тудырады.

Алайда дебат әдісін бір рет қолданып, одан нәтиже шығардым деген пікірден аулақ болған жөн. Сіз бұл әдісті сабақта көп қолдану арқылы ғана нәтиже шығара аласыз. Жоғарыда айтып өткендей оқушы бойындағы барлық қасиеттер ашылады. Жалпы дебат ойының тағы бір ерекшелігі сыныптағы оқушылар толық қатысады және өз ойларын білдіруге мүмкіндік туындайды. Дебат ойындарының тағы бір ерекшелігі қоғамдағы болып жатқан саяси өзгерістерге өз ойын білдіре алады. Қоғамдағы өзекті мәселерді талқылауға үйренеді. Дебат ойыны тек дайын текстіні жаттап, өз ойын ортаға салумен мүлдем сәйкес келмейді. Бұл жерде кез-келген сұрақ төтесінен қойылған сәттен бастап бірден жауап беруге дағдыланады, яғни дайын текстіге мүлдем сүйенбейді.

Дебат технологиясы бойынша дайындық барысында оқушылар тек қана әдебиет пәнін қарастырып қана қоймайды, сонымен бірге тарих, география, музыка, этнография сияқты салалармен де байланысуға тура келеді. Даулы мәселелерді сабақтарда қарастырғанда дебат технологиясын қолданып, оқу үрдісін түрлендіруге, мұғалімнің біліктілігін арттыруға, оқушылардың жан – жақты терең білім алуына шығармашылық тұрғыдан ізденіс қабілеттерін арттыруға маңызын тигізеді.

Дебат ойындарында оқушылардың ой ұшқырлылығы қарама-қарсы сұрақ сәтінде анық байқалады. Білімді, көп ізденетін оқушылардың өзіндік ой-өрісі ойын барысында көрінеді. Қыннан қылыш қылыш суырғандай сұрақтары қарсы топты ойландырып, өз кейстеріне күмән тудыратындай етулері керек.

Қорытындылай келе, оқушылардың пәнге деген қызығушылығын арттыруда ерекше форматта сабақтар өткізу керектігін байқадым. Сабақты дебат әдісі арқылы тартысты өткізу үшін мұғалімнің шеберлігі аса маңызды. Оқушылардың бұл әдіс арқылы сабақты талқылауда көптеген жетістікке жетті. Бір сарынды талдауда емес жан-жақты талдау арқылы өмірмен байланыстыра білді. Жалпы айтқанда дебат әдісі от ауызды, орақ тілді, сөзге шешен оқушыларды тәрбиелейді.

Әдебиеттер тізімі:

1. Қазақстан Республикасының Оқу-ағарту министрлігінің сайты
<https://www.gov.kz/memleket/entities/edu>
2. К.Қалелхан. «Дебат» әдісін пайдаланудың тиімділігі». //Ертіс дидары» газеті.18.04.2009
3. Қазақ әдебиетін оқытудың тәжірибесі мен болашағы. //Орал – 2010 жыл.